

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының PhD докторанты Карбозова Булбул Давлетханқызының «Қазақ тіліндегі омонимдердің когнитивті-семантикалық құрылымын ЖОО-да оқытудың әдістемесі» атты PhD философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына

П І К І Р

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы Ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және Ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы. - Карбозова Булбул Давлетханқызының «Қазақ тіліндегі омонимдердің когнитивті-семантикалық құрылымын ЖОО-да оқытудың әдістемесі» атты диссертациялық жұмысы қазақ тілін оқыту саласын жетілдіруге бағытталған жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланыста жазылған маңызы зор зерттеу еңбек болып табылады.

Қазіргі уақытта егеменді елімізде білім беру саласында әлемдегі ең үздік үлгілерді ескере отырып, білім сапасын мейлінше арттыру үшін оқыту мен тәрбиелеу үрдісін түбегейлі өзгерту негізінде, жастардың оқу-танымдық іс-әрекетін талапқа сай тиімді ұйымдастыру арқылы ішкі рухани жан-дүниесі, санасы, түсінігі жаңа өзгерістерді саралап, дұрыс қабылдай алатын жеке тұлға ретінде қалыптасуын жүзеге асыру мақсаты қойылып отыр. Осыған орай, тұлғаның санасын жаңаша қалыптастыруға, білімге ұмтылып, жақсыға үйрену дағдысын жан-жақты дамытуға бағытталған оқыту үрдісін ұйымдастыра келе, олардың саналы оқу және танымдық белсенділігін арттыру – оқыту мен тәрбиелеу ісінің басты талаптарының бірі болып табылады. Аталмыш талаптардың орындалуы, болашақ филолог мамандардың оқу материалын түсінуге, өткенді жаңамен байланыстыруға, негізгісі мен қосымшасын анықтауға, алған білімдерін тәжірибеде пайдалануға ұмтылысынан байқалады. Жоғары оқу орындары студенттерінің белсенді танымдық іс-әрекетін арттыру мүддесі – тұлғаны түсіндірмелі-ақпараттық білім беруден өз бетімен саналы түйсінуге негізделген ақыл-ой әрекетіне жетелеу, білімнің қоғамдық мәнін ұғынту, қоғамға қызмет ету қарқынын үдету негізінде дамыту болып табылады.

Осы кезеңге дейін орта, арнаулы, жоғары оқу орындарында омонимдерді оқыту мәселесіне арналған біршама ғылыми еңбектер жарық көргенмен, бірізділіктің сақталмай, оны оқытып үйретуде кейбір маңызды мәселелер назардан тыс қалып келгені байқалады. Бұл жағдай жоғары оқу орындары студенттеріне омонимдердің табиғатын, түрлерін, омонимдік құбылыстың логикалық-тілтанымдық негіздерін айқындай отырып, омонимдердің когнитивті-семантикалық құрылымын жан-жақты игерту сияқты тың мәселені көтеріп отырған ізденуші ұсынып отырған ғылыми зерттеу тақырыбының өзектілігін көрсетеді.

Қазақ тіліндегі омонимдердің когнитивті-семантикалық құрылымын жоғары оқу орындарында оқыту арқылы тұлғаның танымдық белсенділігін, сыни ойлауын қалыптастыруға бағытталған зерттеу жұмысының өзектілігі айқын, оның мемлекеттік бағдарламалармен, яғни ғылым мен техника және практикамен тығыз байланысты, олардың дамуының сұраныстарына жауап бере алатын еңбек екендігі сөзсіз. Қазақ тіліндегі омонимдердің когнитивті-семантикалық құрылымын жоғары оқу орындарында оқытудың қазіргі жүйесі мен қоғамдық-әлеуметтік талап арасындағы қайшылықтарды зерделеп, оқу үрдісін ұйымдастырудың жаңа бағыттарын саралау мәселелері диссертацияда дұрыс шешімін тапқан.

2. Диссертацияға қойылатын (ғылыми дәрежелер беру ережелерінің 9-10 тармағында және Ғылыми қызметкерлердің тиісті мамандықтарының төлқұжаттарында) талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

8D017-тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау (6D011700-қазақ тілі мен әдебиеті) бағытында дайындалған зерттеу жұмысының құрылымы, мазмұны, тілі, ғылыми әдебиеттерді пайдалану дәрежесі, көлемі, жұмыстың қорытынды-нәтижелері докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Зерттеу еңбектің нысаны, мақсаты мен міндеттері дұрыс айқындалған.

Ізденуші зерттеу еңбегінде келесідей ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

1. Қазақ тіл біліміндегі омонимия теориясының зерттеу бағыттарын айқындап, метатілін жүйелеген.
2. Омонимдік бірліктерді топтастырып, омонимдердің когнитивті-семантикалық құрылымын ашудың ғылыми-тілтанымдық негіздерін анықтаған.
3. Жоғары оқу орындарының филология мамандықтары студенттеріне омонимдік құбылыстарды оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздерін айқындап, омонимдерді арнайы пән ретінде инновациялық технологиялар арқылы үйретудің тиімділігін эксперимент арқылы ұтымды дәйектеген.
4. «Омонимдердің когнитивті семантикасы» пәнінің әдістемелік кешенін дайындап, тәжірибеден өткізген, соның негізінде жоғары оқу орындарының студенттеріне омонимдердің когнитивті-семантикалық құрылымын меңгертудің модульдеп оқыту әдістемесін ұсынған.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Ізденушінің зерттеу жұмысында жасаған түйіндері мен қорытындыларының негізделуі, әрбір ғылыми нәтижесі, соған сәйкес жасалған тұжырымдарының шынайылық деңгейі жоғары. Зерттеу жұмысында тақырыпқа сәйкес әдістемелік, теориялық еңбектер жан-жақты қарастырылған. Әр тараудың соңында берілген нәтижелердің негізделуін, сол негіздемелер арқылы жасалған тұжырымдар мен қорытындылардың дәрежесі

мен деңгейін ізденуші алдына қойған міндеттерді талдау барысында түбегейлі дәйектеп шеше білген.

Диссертацияда ізденуші көтеріп отырған мәселенің зерттелу тарихына шолу жасалып, зерттеу тақырыбына қатысты басты ұғымдар мен терминдердің мағынасы толық ашылып, сипаттамасы берілген, тілші-ғалымдардың, әдіскерлердің еңбектері, ой-тұжырымдары жан-жақты талданған, омоним сөздерді когнитивті-семантикалық қырынан зерттеудегі, сөздерді танымдық жағынан оқытудың теориялық негізі анықталған, қазақ тіл біліміндегі омонимия теориясының зерттеу бағыттары айқындалып, метатілі жүйеленген. Ғылыми жұмыстың теориялық базасының осылай жан-жақты ашылуын тұжырымдалып, толық негізделген бірінші нәтиже ретінде көрсетуге болады.

Зерттеудің екінші нәтижесі – жоғарыда көрсетілген теориялық қағидаларға сүйене отырып, ізденуші омонимдік бірліктерді топтастырып, омонимдердің когнитивті-семантикалық құрылымын ашудың ғылыми-тілтанымдық негіздерін және жоғары мектепте болашақ филолог мамандарға омонимдердің когнитивті-семантикалық құрылымын оқытудың әдіснамалық негіздерін айқындап беруінде көрініс тапқан.

Жоғары оқу орындарының филология мамандықтары студенттеріне омонимдік құбылыстарды оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздерін айқындап, омонимдерді арнайы пән ретінде инновациялық технологиялар арқылы үйретудің мазмұны айқындалып, әлемдік әдістеменің соңғы ғылыми жаңалықтарымен толықтырылуын, басты қағидалары мен ұстанымдарының нақтылануын және эксперимент арқылы дәйектелуін зерттеу жұмысының үшінші нәтижесі деуге болады.

Диссертацияда тұжырымдалған төртінші нәтиженің шынайылық дәрежесі – болашақ филолог мамандардың жоғары белсенділігін, шығармашылық іс-әрекетін дамытып, тіл теориясын меңгерудің нәтижелілігін арттыру мақсатында ұсынылған «Омонимдердің когнитивті семантикасы» пәнінің кешені мен оқыту бағдарламасының, омонимдердің когнитивті-семантикалық құрылымын меңгертудің модульдеп оқыту әдістемесінің ұтымдылығы ғылыми негізделіп, тәжірибеде эксперимент арқылы толық дәлелденуімен айқындалады.

Зерттеу жұмысындағы ізденуші қол жеткізген әрбір ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары, жаңалықтары ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, мол материалдармен дәйектелген. Диссертанттың зерттеу барысындағы тұжырымдалған ой-қорытындыларының теориялық, әдістемелік тұрғыдан негізделуі және шынайылық дәрежесі жоғары.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір Ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.

Ғылыми еңбекте алынған әрбір нәтиже теориялық тұрғыдан тұжырымдалып, практикалық жағынан дәлелденген. Ізденушінің тұжырымдалған пікірлері мен қағидаларының, өзіндік ой-қорытындыларының жаңалық дәрежесі жоғары және жұмыстың мазмұны мен қорытындысына сай келеді. Зерттеудің мазмұнында диссертанттың

ұсыныстары мен пікірлері, ғылыми негіздеген қорытындылары, әдістемелік тұрғыдан бір-бірімен байланыстырыла отырып тұжырымдалған. Әрбір тарауда айтылған ой екіншісінде жалғасын тауып, үйлесіп жатады.

Нақтырақ көрсетсек, бірінші нәтиже – жаңа. Зерттеу еңбекте қазақ тіл біліміндегі омонимия теориясының зерттеу бағыттары айқындалып, метатілі жүйеленген, омоним сөздерді когнитивті-семантикалық қырынан зерттеудің, сөздерді танымдық жағынан оқытудың теориялық негізі анықталған.

Екінші нәтиже – жаңа. Диссертацияда омонимдік бірліктер топтастырылып, омонимдердің когнитивті-семантикалық құрылымын ашудың ғылыми-тілтанымдық негіздері анықталған, әдіснамалық негіздері айқындалған.

Үшінші нәтиже – толық жаңа. Жоғары оқу орындарының филология мамандықтары студенттеріне омонимдік құбылыстарды оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері айқындалып, омонимдерді арнайы пән ретінде оқытудың қажеттігі эксперимент арқылы дәйектелген. Қазақ тілі омонимдерін жаңаша инновациялық технологиялар арқылы үйретудің мақсат-міндеттері мен мазмұны айқындалып, оны жүзеге асырудың ғылыми негізделген ұтымды әдіс-тәсілдері, қажетті құрал-жабдықтары нақтыланып, оқу жұмыстарын ұйымдастырудың тиімді формасы ұсынылған.

Төртінші нәтиже – толық жаңа. Жоғары оқу орындарының студенттеріне омонимдердің когнитивті-семантикалық құрылымын меңгерту мақсатында «Омонимдердің когнитивті семантикасы» пәнінің әдістемелік кешені мен бағдарламасы ұсынылып, тиімділігі теориялық және ғылыми-әдістемелік тұрғыда жан-жақты дәлелденген, оны оқытудың модульдік әдістемесінің моделі ұсынылған және ұтымдылығы тәжірибе арқылы толық дәлелденген. Болашақ филолог мамандарға омонимдердің когнитивті-семантикалық құрылымын оқытудың жаңа бағыттағы әдістемелік жүйесінің ерекшеліктері, ұйымдастыру жолдары дәлелді қағидалармен тұжырымдалған. Ғылыми жұмыс болжамының дұрыстығы негізделген.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Зерттеу еңбектің жалпы құрылымы мен мазмұны оның құрылымының ішкі бірлігіне дәлел бола алады. Диссертант ұстанған «қазақ тіліндегі омонимия құбылысына тән ұғымдар мен терминдерді негіздеп, омонимдердің когнитивті-семантикалық кеңістігін танытудың және оның логикалық-танымдық қызметін жоғары оқу орындарының студенттеріне меңгертудің лингводидактикалық жүйесін жасау кәсіби-танымдық құзыреттілігі қалыптасқан болашақ маманды даярлаудың сапасын арттырады» деген идея зерттеу жұмысының өзегіне айналған, соған сәйкес зерттеу барысында жасалған тұжырымдар диссертацияның мақсаты мен міндеттеріне сай бірізділікпен жалғасын тапқан. Аталған мәселелер өзара тығыз байланыста баяндалып, нәтижесінде әр тарау мен тармақтардағы түйіндер ішкі бірлікте сабақтасқан. Тақырыптан ауытқушылық жоқ. Әр тарау, тармақтардағы пайымдау пікірлері, тұжырымдары кейінгі бөлімдерде жалғасып, мағыналық бірлік тауып жатады. Диссертацияның құрылымы бір логикалық желіде, түйіндері мен тұжырымдары ортақ қорытындыға әкелген.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталатындығы.

Зерттеу жұмысы барысында ізденушінің қазақ тіліндегі омонимдердің когнитивті-семантикалық құрылымын оқытудың әдістемесі бағытында қол жеткізген нәтижелерін тек жоғары мектепте ғана емес, сонымен бірге орта мектеп, лицей, колледждердің мұғалімдері қазақ тілін оқыту сапасын жетілдіру үшін өз тәжірибелерінде қолдануына, зерттеу жұмысымен айналысып жүрген әдіскер ғалымдар мен оқытушылар қазақ тілі пәнінен бағдарламалар, оқу құралдары мен оқу-әдістемелік кешендерін, омонимдік сөздік құрастыруда, мұғалімдердің білімін жетілдіру орталықтары мен институттарында ұтымды пайдалануларына болады. Ізденушінің зерттеу еңбекте қол жеткізген нәтижелері теориялық тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да маңызды, жалпы білім беру жүйесінің талаптарына сай.

Ізденуші ұсынып отырған қазақ тіліндегі омонимдердің когнитивті-семантикалық құрылымын оқытудың әдістемесі қазақ тілін оқыту теориясы мен әдістемесіне қомақты үлес қосатын, ғылыми зерттеу жұмыстарының жаңаша дамып жетілуіне ықпал ететін, көп жылғы тәжірибенің, ізденістің нәтижесі деп санаймын. Еңбектегі ғылыми ережелер мен теориялық қағидалар қазақ тілін оқыту әдістемесінің теориялық тұрғыдан толығып, жетілуіне үлес қосады.

Зерттеу жұмысының қорытындылары мен тұжырымдарын қазақ тіліндегі омонимдерді орта, арнаулы, жоғары мектепте тереңдете оқыту үрдісінде, мұғалімдердің білімін жетілдіру курстарын жүргізуде қолдануға болады.

Зерттеу нәтижелері қазақ тілінің теориялық курстарын, қазақ тіліндегі омонимдердің когнитивті-семантикалық құрылымын оқытуды тиімді үйлестіру арқылы тұлғаның шығармашылығы, сыни ойлауы мен танымдық белсенділігін дамытуға, қазақ тіліндегі омонимдердің когнитивті-семантикалық құрылымын оқытудың сапасы мен нәтижелілігін арттыруға, ЖОО-да болашақ тілші мамандарға оқылатын арнайы семинарлар мен арнайы курстардың мазмұнын тереңдетуге мүмкіндік береді.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.

Диссертацияның негізгі тұжырымдары мен нәтижелері шетелдерде (Татарстан, Уфа) өткен халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда жасалған баяндамаларда талқыланып, барлығы 12 мақала, оның ішінде 2 мақала Scopus базасында, ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті бекіткен тізімдегі Хабаршы журналдарында 3 ғылыми мақала жарияланған.

8. Диссертацияның мазмұнындағы және ресімделуіндегі кемшіліктер.

Кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұратын зерттеу еңбектің мазмұны мен құрылымы диссертациялық жұмысқа қойылатын талапқа сай ресімделген.

Дегенмен диссертацияның жалпы құрылымы мен мазмұнына, рәсімделуіне қатысты төмендегідей ескертпелерді де атай кеткен жөн:

- Ғылыми еңбектің үшінші тарауында ізденуші ұсынып отырған «Омонимдердің когнитивті семантикасы» элективті пән Силлабусының календарлық-тақырыптық жоспарында СӨЖ және СОӨЖ тапсырмалары түрлендіріліп берілгені құптарлық, дегенмен диссертациялық жұмыстың ішінде немесе қосымша ретінде СӨЖ және СОӨЖ тапсырмаларын орындаудың әдістемелік нұсқауы қоса ұсынылғанда, біріншіден, өзіндік жұмысты орындау талаптары мен жүйесін, оны бағалау критерийлерін нақты біліп, түсінген студенттердің оны сапалы және нәтижелі орындауға мүмкіндіктері мол болар еді, екіншіден, бұл жұмыстың әдістемелік құндылығы мен практикалық маңызын арттыра түсер еді.


- Диссертант тарапынан зерттеу жұмысында келтірілген кейбір ғылыми-әдістемелік терминдерді бірінғай атау мақсатында жүйелеу ісінің қажеттілігі сезіледі. Мысалы, зерттеу еңбекте «интерактивтік», «интербелсенді», «пәнаралық байланыс», «пәнаралық интеграция» ұғымдары кезек қолданылған болса, ал тетіктерін (механизмдерін), табиғи (натуралды), атауыш (номинатив), уәждер (мотивтер) т.б ұғымдарының қасына орысша баламасы неліктен жақшада қосымша жазылып берілгені түсініксіздеу болып тұр.

9. Диссертацияның ғылыми дәрежелер беру ережелерінің 2-бөлімінің талаптарына сәйкестігі.

Дегенмен жоғарыда көрсетілген ескертпелер еңбектің ғылыми тұрғыдан құндылығына, практикалық маңызына нұқсан келтірмейді.

Карбозова Булбул Давлетханқызының 8D017-тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау (6D011700-қазақ тілі мен әдебиеті) бағытында философия докторы (PhD) бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақ тіліндегі омонимдердің когнитивті-семантикалық құрылымын ЖОО-да оқытудың әдістемесі» атты диссертациялық жұмысы Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің 2-бөлімінің талаптарына сәйкес келетін, ғылыми тұрғыда жан-жақты, терең зерттеліп, жоғары теориялық және тәжірибелік деңгейде жазылған, толық аяқталған, қазақ тілін оқыту әдістемесіне қомақты үлес қосып отырған жұмыс, ал диссертант ғылым докторы ғылыми дәрежесін алуына әбден лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент
педагогика ғылымдарының докторы
Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық
техникалық зерттеу университетінің
профессоры



К.Жаксылыкова

